

### **3. Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысы бойынша:**

Бұйрықтар:

1 . Сынып жетекшілер бірлестігін құру туралы

ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы негізінде 2025-2026 оқу жылында мектепте сынып жетекшілер бірлестігін құру бойынша БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Оспан Әлібаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде сынып жетекшілерінің бірлестігі құрылсын.
2. Бірлестік жетекшілігіне 1-11- сынып бойынша тағайындалсын.
3. 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері бірлестік мүшелері деп саналсын.
4. Бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілсін және бірлестіктің отырысы тоқсанына бір рет өткізіліп, отырыс хаттамасын толтыру бірлестік жетекшілеріне тапсырылсын.

Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары \_А.А. Кутжановаға жүктелсін.

Директор\_\_\_\_\_

**Таныстым:**

---

## **Сынып жетекшілерін бекіту туралы**

**2025 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңес шешімі негізінде, 2025-2026 оқу жылында 1-11 сыныптарға сынып жетекшілерін тағайындау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:**

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-11 сыныптарға төмендегі мұғалімдер сынып жетекші болып бекітілсін (Қосымша №1).

1. Бекітілген сынып жетекшілерге төмендегі міндеттер жүктелінсін:

- Оқу жылының басында тәрбие жоспарын құру және сынып оқушыларымен тәрбие жұмысын жыл бойы жүргізуге;
- Сыныбын ауысымына қарай (бірінші ауысым 07.45-те, екінші ауысым 13:45-те) қабылдап, сабақ соңында шығарып салуға;
- Оқушылардың күнделікті сабаққа кешікпеуін және себепсіз босатпауын бақылауға;
- Қосымша сабаққа, үйірме жұмыстарына оқушылардың қатысуын бақылауға;
- Ата-аналармен, пән мұғалімдерімен байланыс жасауға;
- Оқушылардың оқулықпен және оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілуін бақылауға;
- Мектепшілік, қалалық, облыстық іс-шараларға оқушылардың қатысуын қамтамасыз етуге;
- Оқушылардың сапалы ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыруға;
- Аз қамтылған, көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен, мүгедек және асыраушысы жоқ балаларға көмек ұйымдастыруға;
- Мектеп әкімшілігіне тапсырылатын барлық түрлі мәліметтерді уақытында тапсыруға;
- Әр сыныпқа бекітілген бөлмелердің санитарлық-гигиеналық тазалығын бақылауға;
- Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын жүргізуге;
- Оқушы күнделігінің бірізді жүргізілуіне және аптасына бір рет тексеріп отыруға;
- Оқушылардың құрамын білім алуға кіргізу, жыл бойы өзгерістерді толықтыруға;
- Оқушыларды оқу жылының басында гимназияның ішкі тәртібімен таныстыруға және оқушы формасы мен сырт келбетінің талапқа сай болуын бақылауға;
- Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сынып сағаттарында жолда жүру ережесі, өрт, су, мұздан сақтану жолдары бойынша нұсқаулықтармен таныстырып отыруға;

- Тоқсанына бір рет сынып рейтингісін шығарып отыруға.
2. Бұйрықтың орындалысын бақылау мектеп директорының тәрбие орынбасарлары \_\_\_\_\_ жүктелсін.

**Негіздеме: педагогикалық кеңес шешімі.**

**Мектеп директоры** \_\_\_\_\_

**Бұйрықпен таныстым:**

---

## **Сынып жетекшілерді лауазымдық қызметпен таныстыру:**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы  
12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген

### **Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ереже**

#### **1- тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.
2. Ереже сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша педагогке (бұдан әрі - сынып жетекшісі) жүктелген функцияларды айқындайды.
3. Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰның Бала құқықтары туралы конвенциясына, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Педагог мәртебесі туралы», басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.
4. Сынып жетекшісінің қызметі – білім беру ұйымының жарғысы, білім алушыларға білім берудің өзекті міндеттері, жаңартылған мазмұны, әдіснамасы, сондай-ақ тәрбие нысандары ескерілген тұлғалық бағдарлы тәсіл негізінде құрылған мақсатқа сай бағытталған, жүйелі, жоспарланған процесс.
5. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын ұйымдастыру саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеріп, жоғары өнегелілік қасиеттерге ие бола, білім алушыларды жігерлендіріп, оларға қолдау көрсетіп және биік адами мұраттарға бағыттайды. Сынып жетекшісі білім беру ұйымы басшысының (директорының) бұйрығымен тағайындалады.
6. Сынып жетекшісі қызметін жоспарлауды және бақылауды жалпы орта білім беру ұйымы басшысының (директорының) тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

#### **2- тарау. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері**

7. Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту.
8. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- 1) салауатты өмір салтына ынталандыру;
  - 2) азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүйуге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу;
  - 3) отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;
  - 4) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
  - 5) білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
  - 6) білім алушылардың өмір сүру жағдайларын білу;
  - 7) ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
  - 8) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
  - 9) аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу;
  - 10) білім беру ұйымының басшысын (директорын) сыныбымен тәрбие жұмысының жай-күйі туралы хабардар ету.
- 3- тарау. Сынып жетекшісінің функциялары**

#### 9. Сынып жетекшісінің функциялары:

- 1) Ұйымдастырушылық және үйлестіру функциялары :
  - сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
  - «мектеп-оқушы-ата-ана» өзара әрекетін жүзеге асыру;
  - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері орындауға міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен айқындалған құжаттаманы жүргізу (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді.).
- 2) Аналитикалық функциялар:
  - оқушының жеке ерекшеліктерін зерттеу;
  - сыныптағы оқушылардың жалпы даму динамикасын және үлгерім
  - жағдайын талдау.
- 3) Коммуникациялық функциялар :
  - білім алушылар арасындағы тұлғааралық қатынастарды реттеу;

- сыныпта жалпы қолайлы психологиялық климатты қалыптастыруға ықпал ету;

- білім алушылардың коммуникативті қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу;
- мұғалімдер, білім алушылар және ата-аналар (басқа да заңды өкілдер) арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

4) Бақылау функциялары :

- сыныптағы білім алушылардың үлгерімін, сабаққа қатысуын, сыртқы келбетін, эмоционалдық-психологиялық жағдайын бақылау.

10. Сынып жетекшісі өз функцияларына сәйкес білім алушылармен жұмыс жасау формаларын таңдайды:

- 1) жеке (әңгімелесулер, консультациялар, мәселелерді шешу жолдарын бірлесіп іздеу
- 2) топтық (шығармашылық бірлестіктер, өзін-өзі басқару органдары және басқалар);
- 3) ұжымдық (конкурстар, спектакльдер, концерттер, жорықтар, митингілер, жарыстар және т.б.).

11. Қашықтық форматында оқу процесін ұйымдастыру кезінде ата-аналарды (басқа да заңды өкілдерді) оқу процесі туралы, білім алушылармен кері байланыс орнату туралы, оқу барысы мен оқу нәтижелері туралы, білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне жағдай жасау қажеттілігі туралы хабарлайды.

**Сынып жетекшінің аты-жөні:**

Мерзімі: \_\_\_\_\_ Таныстым:

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

\_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ЖЫЛ

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында  
2025-2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық  
жоспары**

**Әдістемелік тақырыбы:**

Оспан Әлібаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде тәрбие жұмысын  
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде құндылықтарға  
негіздеп ұйымдастыру

**Әдістемелік мақсаты:**

Тәрбие құндылықтарын пәндік білім мазмұнына және сынып сағаттарына  
 кіріктірудің маңызын түсіндіру  
 Сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы құндылықтарды дарытудың  
 әдіс-тәсілдерін меңгерту

| Жұмыс мазмұны                                                                                                  | Уақыты       | Жауапты           | Қаралатын орны                         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-------------------|----------------------------------------|
| 1.Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына және сабақтарға қатысу                                     | Жыл бойы     | ДТЖО              | Әр аптаның сынып сағаттарында          |
| 2.Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының орындалысы                              | Үнемі        | ДТЖО              | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| 3. Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар. Сынып отырысы мен ата-аналар жиналыстарының өтілуіне талдау жасау | Үнемі        | ДТЖО              | Педагогикалық кеңес                    |
| 5. Әр сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану                                     | Үнемі        | Сынып жетекшілері |                                        |
| 6.Шығармашылық байқауларға, спорттық жарыстарға көбірек қатыстыру жұмыстары                                    | Жоспарға сай | Сынып             | Сынып сағаттарында                     |



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>7. Психолог кеңесі (пікірін таңдау)</p> <p>8. Жас сынып жетекшілерінің сабақтарына қатысу. Тәлімгер қатысып, көмек көрсету, тәлімгер тағайындау</p> <p>9. Озық тәжірибелі, жаңашыл жетекшілердің іс-тәжірибесін оқып-үйрену</p> <p>10. Әр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау.</p> <p>11.</p> <p>12. Тоқсанына 1 рет бірлестік отырысын өткізу</p> <p>13. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу</p> <p>14. Тәрбие жұмысында басшылыққа алынатын НҚА-мен таныстыру</p> <p>15. Республикалық «Мектепке жол» акциясын өткізу жұмысын ұйымдастыру.</p> | <p>Үнемі</p> <p>Тоқсанына 1 рет бірлестік отырысын өткізу</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Жыл бойы рет бірлестік отырысын өткізу</p> | <p>жетекшілер</p> <p>Сынып жетекшілер</p> <p>Озық тәжірибелі ұстаздар, әлеуметтік педагог, психолог</p> <p>Озық тәжірибелі ұстаздар, әлеуметтік педагог, психолог</p> <p>Мектеп әкімшілігі</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі, ДТЖО Әлеуметтік педагог</p> | <p>Мектепшілік, аудандық облыстық, республикалық байқаулар</p> <p>Сынып сағаттарында, іс-шараларда</p> <p>Бірлестік жиналысында</p> <p>Білім көтеру курстары</p> |
| <b>Қыркүйек айы - Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                  |
| <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің бірінші отырысы. №1</p> <p>Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру</p> <p>1. Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысын талдап, жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау.</p> <p>2. Білім беру жүйесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | қыркүйек                                                                                                                    | <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері</p> <p>Сынып</p>                                                                                                                                                             | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы</p> <p>Педагогикалық кеңес</p>                                                                                         |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |       |                                                                                                                                                                          |                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігі</p> <p>3.Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы</p> <p>4. Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру</p> <p>5. Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру</p> <p>6.Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру</p> <p>6.Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |       | жетекшілер                                                                                                                                                               |                                                                                                   |
| <b><u>Қазан айы- Тәуелсіздік және отаншылдық айы</u></b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |       |                                                                                                                                                                          |                                                                                                   |
| <p>Сынып жетекшілерінің өз білімін көтеру Ай бағытында әдістемелік басылымдарға жазылуын ұйымдастыру.</p> <p>1. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру. Мектепішілік үйірме, клуб және спорттық секциялармен қамтылу деңгейін анықтау. (ақпарат жинау)</p> <p>2. Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты қадағалау. «Үштік одақ» жұмысын бақылау</p> <p>3. Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы</p> <p>4. Сабақтан тыс тәрбиелік жобалардың жұмысының орындалысын бақылау</p> <p>5. Білім алушыларды білім беру ұйымдарындағы <u>тәрбие үдерісін басқаруға</u> тарту</p> | қазан | <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері</p> <p>Сынып жетекшілер</p> <p>Мектеп әкімшілігі</p> <p>Мектеп әкімшілігі</p> | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы</p> <p>Мерекелік іс-шаралар</p> <p>Тәрбие сағаттары</p> |
| <b><u>Қараша айы- әділдік және жауапкершілік айы</u></b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |       |                                                                                                                                                                          |                                                                                                   |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |           |                                                                                                                                                          |                                                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің екінші отырысы. №2</p> <p>Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» орындалысы. (сынып сағаты, сыныптан тыс іс-шара, пәндік сабақтардан іс-тәжірибе бөлісу) 2. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы (педагог-психолог)</p> <p>3. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру. (әлеуметтік педагог.)</p> <p>4. 1 - 5 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау. (ДТЖО)</p> <p>5. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі</p> | қараша    | <p>ДТЖО орынбасары</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері</p>                                                                                 | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы</p> <p>Педагогикалық кеңес</p> <p>Бірлестік жетекшілері</p> |
| <b><u>Желтоқсан айы- бірлік және ынты мақ айы</u></b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |           |                                                                                                                                                          |                                                                                                       |
| <p>1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмыстарын бақылау.</p> <p>2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын бақылау</p> <p>3. Сынып жетекшілерін қалада, мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаттармен, ережелермен, ОАМ нұсқауларымен, тапсырма және бұйрықтарымен таныстыру</p> <p>4. ҚР-ның Мемлекеттік Рәміздерін насихаттау жұмысын бақылау</p>                                                                                         | Ай ішінде |                                                                                                                                                          |                                                                                                       |
| <b><u>Қаңтар айы- заң және тәртіп айы</u></b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |           |                                                                                                                                                          |                                                                                                       |
| <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің үшінші отырысы №3</p> <p>Тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу жұмыстары»</p> <p>1. Сынып жетекшілердің жартыжылдық қорытынды есебін тыңдау (Бірлестік жетекшілері) 2. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс – тәжірибесімен бөлісуі</p>                                                                                                                                                                                     | Ай ішінде | <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері</p> <p>Мектеп психологтары</p> <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі</p> | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы</p> <p>Педагогикалық</p>                                    |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                               |                                                                                                                       |                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| <p>3. Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез – құлқының алдын алуда психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жұмысы (педагог-психолог)</p> <p>Девиантты мінез – құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу–әлеуметтік педагогикалық проблема (әлеуметтік педагог)</p>                                                                                                                                                                 |                                                                               | <p>орынбасарлары,<br/>ӘБ жетекшілері<br/><br/>Мектеп психологтары</p>                                                 | <p>кеңес</p> <p>Бірлестік жетекшілері</p>                                 |
| <p align="center"><b><u>Ақпан айы- жасампаздық пен жаңашылдық айы</u></b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                               |                                                                                                                       |                                                                           |
| <p>1. Мектепшілік жобалардың, іс-шаралардың, Ай сынып сағаттарының, үйірме және секция жү- ішінде мыстарының сапасы</p> <p>2. Қиын балалармен жұмысты бақылау</p> <p>3. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін мерекелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.</p> <p>4. Құндылыққа негізделген тәрбие айлығын өткізу жоспары. Айлықты өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар</p> <p>5.Ата-аналармен жұмыс. «Даналық» мектебінің жұмысын бақылау</p> | <p>Директор жанындағы кеңес</p> <p>Сынып жетекшілер</p> <p>ӘБ жетекшілері</p> |                                                                                                                       | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің оты-рысы</p> <p>Педагогикалық кеңес</p> |
| <p align="center"><b><u>Наурыз айы- тәуелсіздік және отаншылдық айы</u></b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                               |                                                                                                                       |                                                                           |
| <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің төртінші отырысы. №4</p> <p>Тақырыбы: «Күнделікті, апта сайын, ай сайын жұмыстарының нәтижесі»</p> <p>1.Бағдарлама аясында өткізіліп жатқан жобалар жұмысының нәтижесі (жоба жетекшілері)</p> <p>2. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының</p>                                                                                                                                             | <p>Ай ішінде</p>                                                              | <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі</p> <p>Мектеп инспекторы</p> | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің оты-рысы</p> <p>Педагогикалық</p>       |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |           |                                                                                                                           |                                                                          |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| <p>жұмысы. (Тәлімгер)</p> <p>3. «Smirt Time» жобасының жұмыс нәтижесін тыңдау. (педагог-психологтар)</p> <p>4 . Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелерін байқау және насихаттау бағытында «Жыл сынып жетекшісі» сайысын өткізу. Ережемен таныстыру (ДТІЖО)</p> <p>6.Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы. (психолог, әлеуметтік педагог)</p> |           |                                                                                                                           | <p>кеңес</p> <p>Бірлестік жетекшілері</p>                                |
| <p><u>7 .Ұлдар мен қыздар кеңесінің жұмысы. (ДТІЖО).</u></p> <p><b><u>Сәуір айы- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</u></b></p> <p>1. Мәдени орындармен серіктестік. Оқушылардың театр, кинотеатр, мұражайларға баруы.</p> <p>2.Мұражай сабақтарының тиімділігі.</p> <p>3. Сынып жетекшілерінің жыл бойғы жұмысына талдау жасау</p> <p>4.Профилактикалық кеңестің жылдық жұмыс қорытындысы.</p>                                                                 | Ай ішінде | <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</p> <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері</p>                            | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы                                   |
| <b><u>Мамыр айы- бірлік және ынтымақ айы</u></b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |           |                                                                                                                           |                                                                          |
| <p>1. Оқушыларға ҰБТ -ға дайындаудағы психологиялық көмектің тиімділігі.</p> <p>2. Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар</p> <p>3. Тәрбие қызметінің қорытындысын талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар,</p> <p>Перспективалар. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талқылау.</p> <p>4. «Жыл сынып жетекшісі-2026»</p>                                                                                          | Ай ішінде | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері</p> <p>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</p> <p>Педагог-психологтар</p> | <p>Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы</p> <p>Педагогикалық кеңес</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
| рейтингісінің нәтижесін шығару,<br>марапаттау.<br><br>6. Жазғы демалысты<br>ұйымдастыру, «Бала еңбегін қанау»<br>рейдтерін ұйымдастыру<br><br>Оқушылардың жазғы еңбек<br>практикасын <u>және сауықтыру</u><br><u>демалысын ұйымд</u> астыру |  |  |  |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|